

Басқұдық ЖОББМ-нің 2023-2024 оқу жылы бойынша психологиялық қызметтің жыл бойына атқарылған жұмыстарының талдауы

Қыркүйек айының екінші аптасында жоспарға сәйкес 1 сынып білім алушылардың мектепке дайындығын тексеру мақсатында «**Керн Иерасик**» тесті өткізілді. Зерттеуге 1 сыныптан 11 оқушы қатысты. Сынып жетекшісі оқушылардың оқуға бейімделуі, 1-сыныпқа бейімделуі жөнінде жұмыстарды күшейту. Пән мұғалімдерімен тығыз байланыста отыру, оқушылардың ортаға бейімделуі бойынша мектеп психологімен байланыста болу. Төмен деңгейдегі 2 оқушымен жұмыстар жүргізу, 2 сынып оқушыларына тренинг жүргізу. Агрессия түрін анықтауға 6-11 сынып оқушыларына арналған **Басса-Дарки** сауалнамасы алынды. Қастандыққа жақын 1 оқушы анықталып, жартылай сұхбатқа шақырылып өзінің сұрақтарға түсінбегенін айтты.

Сонымен қатар, 5 сыныпта оқушылардың мотивациясын анықтауға арналған **Н.Г.Лусканова** сауалнамасы алынып, Сынып жетекшісі оқушылардың орта буынға бейімделуін, 5-сыныпқа бейімделуі жөнінде жұмыстарды күшейту. Оқушылардың ортаға бейімделуіне байланысты пән мұғалімдерімен және психологпен тығыз байланыста болу. Нәтижесінде сыныптағы психологиялық ахуал бірқалыпты реттелген, бейімделмеген оқушы анықталмады.

5-6 сынып оқушыларына «Сигнал» ойыны, тренингтер жүргізілді.

5-7 сыныптар бойынша жасөспірімдер мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында **Р.Гудман** сауалнамасы алынды.

8,9,10 сынып оқушыларына қорқыныш, стресс, депрессия деңгейлерін анықтау мақсатында **DASS** сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 24 оқушы қатысты. Қорытындысында депрессия, мазасыздану, стресс күйінде жүрген оқушы анықталған жоқ.

6-7 сынып оқушыларына қорқыныш, стресс, депрессия деңгейлерін анықтау мақсатында «**Зунге**» сауалнамасы алынып, қорытындысында депрессия, мазасыздану, стресс күйінде жүрген оқушы анықталған жоқ.

Оқушылар арасында қарым-қатынасты анықтау мақсатында 5-10 сынып оқушыларына арналған «**Социометрия**» әдісі алынды. Нәтижесінде сыныптар арасында оқшауланған оқушы жоқ. Оқушытардың бір-бірімен қарым-қатынасы қалыпты деңгейде.

Е.А.Климовтың даралап диагностикалау сауалнамасы алынды. Бұл сауалнама мамандық таңдауға байланысты және жеке тұлғаның қандай мамандыққа жақындығын анықтауға арналған. Мамандықтар типтеріне байланысты 5 топқа жіктелген.

Қараша, желтоқсан айында жоспарға сәйкес 2-3 сынып білім алушылардың Зейінді дамыту және түзету «Графикалық диктант», есте сақтау қабілетті зерттеу (Лурия әдістемесі) өткізілді. Ойлау операциясын мақсатында «интеллектуалды даму деңгейін анықтау» 3-4 сынып оқушылары арасында.

Г.Гарднердің көптік зият теориясына сәйкес білім алушылардың қабілеттілікті анықтау үшін модификацияланған тест алынып қорытынды жасалды. 5-11 сынып оқушыларынан аутодеструктивті мінез құлықтың алдын-алу, зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында сауалнама алынды.

8-11 класс оқушылары арасында Кәсіптік бағыт-бағдар беру бағдарламасы негізінде түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 7-9 сынып оқушыларының арасында «Қыз қылығымен көрікті» қыздарға арналған тренинг ұйымдастырылып, қыздар жиналасы өткізілді.

5-9 сынып оқушыларының ата-аналары арасында «Буллинг. Кибербуллинг. Балаға қалай көмектесуге болады» тақырыбында жиналыс өткізілді. 5-8 сынып ата-аналар арасында «Мен сені түсінуге тырысамын» семинар-тренинг өткізілді. Балаларға агрессиясы: себептері, салдары және одан арылу жолдары ата-аналарға арналған бастауыш сынып оқушыларына арналған баяндама оқылды.

«Суицидтің түрлерін алдын алу жолдары» жадынама, сынып жетекші, ата-аналар, «Үлгермеушіліктің басты себептері» жадынама, кеңес, нұсқаулар ата-аналарға жадынама.

Қаңтар айында жоспарға сәйкес оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында «Өзін-өзі» бағалау әдістемесі алынды 8 сынып оқушыларынан. Оқушылардың тұлғалық қобалжу деңгейін анықтау Спильберг-Ханин тесті 9-11 сынып оқушыларына алынып, қорытындысы шығарылды. ҰБТ-ке және қорытынды аттестаттауға психологиялық дайындық

бағдарламасы негізінде түзету-дамыту жұмыстары «Сенімділік тренингі» өткізіліп. «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу» мақсатында мұғалімдерге арналған семинар-практикум өткізілді. «Зиянды сайттардан аулақпыз» тақырыбында 5-11 сынып оқушыларына арналған кеңес беріліп, жаднама таратылды.

Ақпан айында 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуіне байланысты бейімделу бағдарламасы негізінде түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. 1 сынып оқушыларын мектепке бейімделуі қорқыныш сезімінен арылтуға және өз-өзіне деген сенімділікті арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар жүргізілді. Кәсіптік бағыт-бағдар беру бағдарламасы негізінде түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Буллингтің алдын алу бойынша 5-11 сынып оқушылары арасында слайд, видеоролик көрсетіліп, тренинг өткізілді.

Наурыз айында 4 сынып оқушыларының орта буында оқуға дайындығын диагностикалау мақсатында социометрия (Дж.Морено), Баспалақ әдістемесі (В.Г.Щур), оқу мотивациясы (Н.Г.Лусканова), Эмоционалдық жай күйін анықтау «Ағаш әдістемесі» (Пип Уилсон) алынып, қорытындысы жасалды. Буллинг және кибербуллинг тақырыбында 7-11 сынып оқушыларына арналған тәрбие сағаты өткізілді. «Интернетте қолдау: ол не және онымен қалай күресу керек?» 5-11 сынып оқушыларына баяндама оқылды. 4 сынып сабақтастығы бақылау мақсатында сабаққа қатысу.

Сәуір айында жоспарға сәйкес оқушылардың 5-9 сынып оқушылары ата-аналарына «Мен және менің балам» тақырыбында тренинг өткізілді. Ата-аналармен жұмыс барысында мемлекеттік қорытынды аттестаттауға психологиялық қиындықтар жадынама таратылды. 5 сынып оқушыларында кездесетін қиындықтарға ата-аналарға кеңес «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында 7-9 сынып оқушыларына тренинг-жаттығулар өткізілді. ҰБТ-ке және қорытынды аттестаттауға психологиялық дайындық бағдарламасы негізінде түзету-дамыту жұмыстары «Сенімділік тренингі» өткізіліп. Дарынды оқушылармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмысы, «Көшбасшы тренингі» өткізілді. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.

Буллингтің алдын алу мақсатында тренинг, жаттығулар, дөңгелек үстел 5-11 сынып оқушыларына өткізілді.

Қорытынды: Мектептегі психологиялық қызметтің жұмыс жоспары бойынша жұмыстардың қорытындылары жасалып, электрондық журналға салынды. Оқушылармен, ата-аналармен әрі қарай да тығыз байланыста болып, бала тәрбиесі мәселесіне жүргізілетін жұмыстар шешімін табады деп есептеймін.

Девиантты мінез-құлықты оқушылар	Зауыт полиция бөлімінде есепте тұрған оқушылар	Мектепшілік есепте тұрған оқушылар	Тәуекел тобына алынған оқушылар	Бақылауға алынған
жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ

2023-2024 оқу жылының «Сенім жәшігіне» келіп түскен мәліметтерді тіркеуге алынып, қойылған сауал, сұрақтары бойынша жауаптар қайтарылды.

Басқұдық ЖОББМ	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр
0	0	0	0	0

Жеке бас мәселесі бойынша қойылған сұрақтарға мектеп психологы өз жауабын беріп, кенестер берді.

Мектеп директоры:

Педагог-психолог:

С.А.Искакова

А.Е.Самиянова